

Әріптестік келісім жасасу үшін кәсіпкерлік субъектілерін іріктеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2024 жылғы 21 маусымдағы № 357/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2024 жылғы 21 маусымда № 34545 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 364-2) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Әріптестік келісім жасасу үшін кәсіпкерлік субъектілерін іріктеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрі

Ж. Мадиев

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрі

Әріптестік келісім жасасу үшін кәсіпкерлік субъектілерін іріктеу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Әріптестік келісім жасасу үшін кәсіпкерлік субъектілерін іріктеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 364-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және әріптестік келісім жасасу үшін кәсіпкерлік субъектілерін іріктеу тәртібін айқындайды.

2-тарау. Әріптестік келісім жасасу үшін кәсіпкерлік субъектілерін іріктеу тәртібі

2. Әріптестік келісім жасасу үшін кәсіпкерлік субъектілерін іріктеуді (бұдан әрі – іріктеу) мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) жүзеге асырады.

3. Иріктеуге "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 11-2-бабының талаптарына, Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2024 жылғы 9 сәуірдегі № 214/НҚ бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34250 болып тіркелген) бекітілген әріптестік келісім жасасу үшін кәсіпкерлік субъектісіне қойылатын талаптарға (бұдан әрі – Талаптар) сәйкес келетін кәсіпкерлік субъектілері жіберіледі.

4. Әріптестік келісім жасасуға үміткер кәсіпкерлік субъекті "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) интернет-ресурсына "Мемлекеттік корпорациямен әріптестік" бөлімінде еркін нысанда өтініш (бұдан әрі – өтініш) береді.

Өтініште әріптестік келісім жасасуға үміткер кәсіпкерлік субъекті Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2024 жылғы 10 сәуірдегі № 219/НҚ бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34248 болып тіркелген) бекітілген үлгілік әріптестік келісімге сәйкес айқындалған Мемлекеттік корпорациямен ынтымақтастық түрін, онымен серіктестік келісім жасасу қажеттілігінің себептерін, мақсаттары мен негіздемесін, сондай-ақ қызмет көрсету сапасының төмендеуіне жол бермеу жөнінде міндеттеме көрсетеді.

5. Мемлекеттік корпорация орналастырылған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде Мемлекеттік корпорацияның интернет-ресурсында осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген шарттар мен Талаптарға сәйкестігі

тұрғысынан орналастырылған өтінімді қажет болған жағдайда сол жерге бара отырып зерделейді және өтінімді зерделеу қорытындысы бойынша анықтаманы (бұдан әрі – анықтама) қалыптастырады.

6. Халықта қызмет көрсету орталығын (бұдан әрі – ХҚКО) сенімгерлік басқаруға беру жолымен ынтымақтастыққа іріктеу осы Қағидалардың 7, 8, 11, 17 және 18-тармақтарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес конкурстық негізде жүзеге асырылады.

7. Конкурстық құжаттамада:

1) ХҚКО-ны сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі әріптестік келісімнің жалпы құны;

2) әріптестік ұйым үшін төлемдердің мерзімдері мен сомасы;

3) талаптарды қою және жою шарттары;

4) әріптестік келісім бойынша міндеттемелерді уақтылы немесе сапасыз орындағаны үшін айыппұл санкцияларын өндіріп алушың мөлшері мен шарттары;

5) Мемлекеттік корпорацияның персоналына немесе мұлкіне залал келтірілген жағдайда өтемақы;

6) мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және нәтижелерді беру жөніндегі қызметтерді уақтылы немесе сапасыз көрсетуден туындаған үшінші тараптың шағымдары туындаған жағдайда өтемақы;

7) әріптестік ұйыммен жасалған әріптестік келісім бұзылған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның ХҚКО қайтару тәртібі.

8. Бір ғана кәсіпкерлік субъектісі ХҚКО сенімгерлік басқаруға беру жолымен ынтымақтастыққа әріптестік келісім жасасу үшін жүгінген кезде әріптестік келісім осы кәсіпкерлік субъектісімен жасалады.

9. Іріктеу мақсатында уәкілетті органның жанынан Әріптестік келісім жасасу үшін кәсіпкерлік субъектілерін іріктеу жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылады

10. Мемлекеттік корпорация осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген мерзім өткеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Комиссия отырысына анықтама ұсынады.

11. Заңның 11-2-бабының талаптарына және талаптарға сәйкес келмеуі Мемлекеттік корпорация тарапынан іріктеуден бас тартуға негіз болып табылады.

12. Комиссия қарau қорытындылары бойынша тиісті негіздемемен оң немесе теріс шешім шығарады.

13. Комиссияның шешімін ескере отырып, уәкілетті орган Комиссия шешімі шығарылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Мемлекеттік корпорациямен іріктеу туралы не іріктеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

14. Мемлекеттік корпорация уәкілетті орган тиісті шешім қабылдағаннан кейін 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Мемлекеттік корпорацияның

интернет-ресурсында орналастырады және кәсіпкерлік субъектісіне электрондық мекенжайға уәкілетті органның шешімі туралы хабарлама жібереді.

15. Уәкілетті органның теріс шешіміне әсер еткен себептер жойылғаннан кейін әріптестік келісім жасасуға үміткер кәсіпкерлік субъекті Мемлекеттік корпорацияның интернет-ресурсына қайта өтініш береді.

16. Кәсіпкерлік субъекті үәкілетті органның теріс шешімімен келіспеген жағдайда, кәсіпкерлік субъектісі оған Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес шағым жасай алады.

17. Уәкілетті органның оң шешімі Мемлекеттік корпорация мен кәсіпкерлік субъектісі арасында әріптестік келісім жасасу үшін негіз болып табылады.

18. Уәкілетті органның (оң немесе теріс) шешіміне қарамастан, іріктеу процесіне байланысты кәсіпкерлік субъектісінің барлық шығыстарын (жол журу, тұру, ұйымдастыру техникасы, кеңсе керек-жарақтары және басқалар) әріптестік келісім жасасуға үміткер кәсіпкерлік субъектісі көтереді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК